

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Таким образом, мы видим, что ответственность в международном космическом праве осуществляется на основе общепринятых международных конвенций и регулируется самим международным сообществом. Являясь еще не кодифицированным, данный институт функционирует достаточно эффективно, независимо от того носят ли выносимые решения по данным вопросам императивный или же рекомендательный характер.

Список использованных источников

1. Устав ООН (<http://www.un.org/ru/sections/un-charter/chapter-vii/index.html>), 1945.
2. Конвенция о международной ответственности за ущерб, причиненный космическими объектами (http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/damage.shtml), 1972.
3. Договор о принципах деятельности государств по исследованию и использованию космического пространства, включая Луну и другие небесные тела (http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/outer_space_governing.shtml), 1967.
4. Международное космическое право/ отв. ред. А. С. Пирадов. М., 1985. - 208 с.
5. Кулжабаева Ж. О., Международное публичное право. Часть Общая и Особенная. - Алматы, 2002. - 465 с.

УДК 347.9

КЕШЕГІ БИЛЕР БІЛІГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ӘДІСТЕРІНЕН КӨРІНІС ТАБУЫ

Таштай Мейіржан Талғатұлы
virus9509@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университеті заң факультетінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – А.Қ. Елубекова

2011 жылы 28 қаңтарда медиация туралы заң қабылданып ол сол жылдың 5 –ші тамызында өз күшіне енген болатын. Оның үстіне 2016 жылы 1 қаңтардан бастап Азаматтық іс-жүргізу кодексі күшіне енді. Аталған заңның қабылдануы және жаңадан қабылданған азаматтық іс-жүргізу кодексіне енгізілген өзгерістер кешегі билер билігінің қайта жаңғыруына себепші болмақ десек қате болмас. Себебі, бүгінгі күні медиация деп аталатын дау-шарлады шешудің бұл рәсімі мен байырғы қазақ қоғамындағы билер институтының айырмашылығы айтарлықтай көп емес. Бұл екі бірдей институттың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын тізіп көрсету үшін олардың мән-мағынасы мен шығу тарихына көз жүгіртсек [1]. Жалпы медиация ұғымы латынның «mediate» деген сөзінен шыққан, ал оны қазақ тіліне аударғанда «мәмілегер» және «бітімгер» деп түсінген абзал. Себебі, медиация рәсімін жүргізуші медиатордың негізгі мақсаты болып тараптардың арасындағы дауды бітімгершілік тәртіппен шешу болып табылады. Ал бұл институттың шығу тарихына көңіл бөлетін болсақ, ғалымдардың пікірінше ол негізінен саудасы қайнаған Финикия және Вавилон мемлекетінен бастау алады. Ежелгі Грекия мемлекетінде дауды шешуде делдалдарды (proxenetas) пайдалану кеңінен тараған екен. Рим құқығындағы Юстиниан кодексінің өзі бізге сол заманда дау арасындағы делдалдардың болғанын меңзейді. Бірақ та, бұл институтты Римдіктер түрліше атаған. Мәселен, internuncius, medium, intercessor, philanthropus, interpolator, conciliator, interlocutor, interpres, және де, mediator.

Ал кейбір мәдени елдерде оларды, яғни медиаторларды көсем немесе абыздарға теңестірген. Кейіннен, 20 ғасырдан бастап дауды шешудің бұл рәсімі құқықтық жүйесі англо-саксондық болып табылатын АҚШ, Аустралия, Ұлыбритания сынды мемлекеттерде отбасылық дауларды шешу аясында дами түсті.

Ендігі кезекте би сөзінің этимологиясы назар аударатын болсақ. Ғылыми әдебиеттерде билер – халық қалауымен, хандардың ұсынысымен, талабымен, қолдауымен болатын өте көрнекті адамдар. Би лауазымы ауылдан тартып, хан сарайларында сақталып, өз қызметін атқарып келді. Көрнекті орыс ориенталисі, Таяу және Орталық Шығыс халықтарының филологиясы, тарихы, географиясы, мәдениеті және діні хақындағы 400-ден астам көлемді ғылыми еңбектердің авторы, академик В.В. Бартольд бек сөзінің сонау Орхон-енисей жазбаларынан бастап кездесетінін, осы орайда терминнің таза түркі сөзі ретінде кейіннен би сөзіне айналғанын айтады. В.В. Бартольд би термині XV ғасырдан бері қарай ғана кездесе бастайды дей келе, зерттеушілердің арасында тұңғыш рет қазақтың биі мен қырғыздың манабы ұғымдарының өзара тығыз байланыстылығына көңіл аударады. Іс жүзінде қазақ қоғамындағы ақсүйек, қарасүйек, төре, қараша ұғымдары мен сұлтан, би, батыр, бай, төлеңгіт тәрізді әлеуметтік категорияларды алғаш рет талдаған ғалым Е.Бекмахановтың пікірінше, қазақ қоғамындағы билер айрықша құқықтық және экономикалық артықшылықтарға ие болушы топ өкілдері. Ақсүйек тұқымы болып есептелетін сұлтандармен салыстырғанда көшпелі қауымның өз арасынан шыққан ру-тайпаның игі-жақсылары. Аумалы-төкпелі, алмағайып замандарды бастан кешкен халықтың өзіндік басқару жүйесі болды, ел қамын жеген ерлері, күн сайын дерлік бетпе-бет келіп отырған жер дауын, жесір дауын, барымта-сырымта дауларын шешіп беретін би-шешендері болған. Қазақ қоғамындағы билерге жүктелген міндет аса жауапты болған – бұзылған құқықты қалпына келтіруі, дау-таластарды шешу, әділдік орнату, қылмыстың алдын алып, қоғамда тыныштықты қамтамасыз ету, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді уағыздаушы, жауласқан рулар мен қауымдарды елдестіру. Билер неғұрлым көп болса, соғұрлым ел ішінде тәртіп берік болады деп есептелген. Көнеден қалған «Би көп болса елдің құты» осыны меңзейді. Би атағына әркім де терең парасатты ақыл-ой, қиыннан қиыстырар тапқырлық, елдің тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ата-баба жолын білгендік, асқан шешендік пен қара қылды қақ жарған әділдік тәрізді ізгі қасиеттері арқылы ие болады. Билік кесу кезінде олқылықтар жіберу, би үшін бедел, атақ-абыройдан айырылу – ең үлкен жаза. Қазақ халқы қай кезде де орақ тілді, от ауызды, қара қылды қақ жарған әділ билерін, шешендері мен ақындарын ел билеген хандарынан бетер қадір тұтқан. Олар айтқан кесімді сөздер ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, тұтас бір халықтың даналық мектебіне айналған. «Билер кім?» деген сұраққа мынандай тұжырымдамалармен жауап беруге болады: Би – көсем, шешен, ақын, заңгер, елші, мәмілегер, жүрек жұтқан батыр, саясаткер, қоғам қайраткері, ойшыл ғалым, психолог, әртіс, тәрбиеші [2, 56-57].

Жоғарыда біз дау-шарды медиация және билер арқылы шешудің өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар екенін мәлімдеген болатынбыз. Ең алдымен айырмашылықтарын айта кететін болсақ, ол дауды шешу кезінде рәсімнің немесе сот отырысың ашық немесе жабық түрде өткізілуі. Дауды медиация рәсімімен шешу кезінде құпиялылық принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда бұл принциптің дауды шешуде өзіндік маңызы бар. Себебі, нарықтық заманда дауласушы кәсіпорындар (заңды тұлғалар) өздерінің тауарлық белгілерін жаман атты қылғысы келмейді. Себебі, ол олардың кәсіпорын ретінде өмір сүруіне өз зиянын келтіруі мүмкін. Ал билер соты тарихқа көз жүгіртетін болсақ, халыққа алдында ашық, жариялы түрде жүргізілетін болған. Бұл керісінше бүгінгі Қазақстан Республикасының Сот жүйесінің істі шешуіне ұқсас болып келеді.

Дау-шарды шешуде медиация рәсімі мен ертеде қазақ даласында өзінше бір мәртебеге ие, тіпті хан лауазымымен тең дәрежедегі билер институтының келесі бір айырмашылығы ол істерді қарау мен қолдану аясында болып табылады. Жоғарыда аталған 2011 жылдың 28 жұлдызында қабылданған Медиация туралы заңының 1-бабында: Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар

(жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады,-делінген. Ал билер сотына келетін болсақ белгілі билерді қатыстыра отырып шешкен. Қалыптасқан әдет-ғұрып қағидаларына сәйкес талапкер не жауапкер төре тұқымынан шыққан болса, оған хан-сұлтандар ғана билік айтуға тиіс. Бірақ бұл қағида кейбір жағдайларда сақтала бермеген. Мысалы, Н.П. Рычковтың айтуынша, билер соты қарауындағы жалшысын ұрып, жарақаттағаны үшін Нұралы ханға құн төлеу туралы кесім шығарған. “Хан көнгісі келмеп еді, бірақ халық кісі өліміне төленетін құнның жартысын төлеуге оны мәжбүр етті” деп жазады тарихшы . Енді осы жерде кішігірім анализ жасасақ, бұл мәселеге сәйкес дауды шешудің екі әдісі арасында аса бір айырмашылық жоқ, бірақ та медиация тәртібімен Медиация туралы заңының 1-бабына сәйкес: Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға) медиация рәсімі қолданылмайды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды,-делінген. Байқасаңыздар керісінше екі институт арасындағы ұқсастықты бар. Медиация рәсімі сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарастырмайды, және жоғарыда көрсетілгендей мемлекеттік маңызы бар істерді хан-сұлтандар белгілі билерді қатыстыра отырып шешкен, демек екі институт арасында үлкен болмаса да кішігірім ұқсастық бар [3, 12].

Талқыланып жатқан дауды-шарды шешудің әдістері арасындағы үшінші бір айырмашылық болып, қаралып жатқан істің қорытындысына сәйкес болып табылады. Медиация тәртібімен істі шешудің, былайша айтқанда, соңғы сатысында медиатор шешім шығармайды. Біз оны «Медиация туралы» Заңының 3-бабынан байқай аламыз:

Медиацияның мақсаттары мыналар болып табылады:

1) дауды (дау-шарды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу;

2) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Ал, Билер сотына келетін болсақ, дауласушы тараптарды, куәгерлерді тыңдап, қажетті жағдайда - ант қабылдатып алғаннан кейін билер оңаша кеңесіп, қылмыстық іске қатысты - үкім, азаматтық іске байланысты кесім шығарған.

Ендігі кезекте екі институт арасындағы негізгі ұқсастықтарды айтып кететейін болсақ. Ең бірінші ұқсастықтарын бітімгершілік категориясымен байланыстырғанды жөн көріп отырмыз. Себебі, Медиация сөзінің өзі жоғарыда атап өткеніміздей бітімгер, мәмілегер деген мағынаны береді және медиация рәсімі тараптар арасындағы бітімгершілікті көздейді. Сол сияқты кезінде билер соты да дау мұраты біту принципін басшылыққа ала отырып жауапкер мен талапкерді бітімге келтіруге тырысқан.

Келесі кезектегі ұқсастық болып, медиация рәсімін жүргізуші медиаторға немесе биге істі заңды, негізді және ең бастысы әділ шешу кезінде керек қасиеттер. Өзімізге медиаторға тек заңды дұрыс және толық білу істі шешу үшін жеткілікті ме?- деген сұрақ қойайық.Сарыарқа аудандық сотының кәсіби медиаторы Балмағанбетов Еркін Салауатұлының пікірінше, медиаторға заңда көзделген талаптардан бөлек интелектінің жоғарылығы, сөзге шешендігі және психологиялық білімдердің болуы медиация рәсіміне қатысушы тараптарды бітімгершілікке келтіру кезінде қажет болады. Сол сияқты биге терең парасатты ақыл-ой, қиыннан қиыстырар тапқырлық, елдің тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ата-баба жолын білгендік, асқан шешендік пен қара қылды қақ жарған әділдік тәрізді ізгі қасиеттер керек болып табылады [4, 6].

Соңғы ұқсастық ретінде біз сіздерге медиация рәсімін жүргізуші медиатордың немесе бидің қоғамдағы орны немесе сайлану, сайланбауынан ұсынғанды жөн көріп отырмыз. Бүгінгі Медиация туралы заңындағы медиатор болу қағидалары мен шарттарына назар аударатын болсақ, медиатор тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация

тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген, жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бекітілетін медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткенін растайтын құжаты (сертификаты) бар және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұрған тұлғалар медиатор қызметін жүзеге асыра алады. Ал медиация тарихына жүгінетін болсақ, кейбір мәдени елдерде оларды, яғни медиаторларды көсем немесе абыздарға теңестірген. Сол сияқты, Билер сотын жүргізуші билерді ешкім сайламаған олар өздерінің сөзге шешендігімен, тапқырлығымен және әділдігімен қазақ қоғамы ортасынан суырылып шыққан тұлғалар [5.18].

Сонымен қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында «Медиация туралы» Заңының қабылдануы ҚР-ның Сот жүйесіне оң ықпалын енгізумен қатар кешегі билер институтының жаңғыруына және қазақ рухының қайта оянуына кәміл сенеміз!

Қолданылған әдебиет

1. ҚР «Медиация туралы» Заңы 2011 жылы 28 қаңтар
2. М. Ізімұлы, «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы» 2том, 1998 ж
3. «Билер даналығы- бабалар тағылымы», мақала, Егеменді Қазақстан газеті 2011ж
4. «Заң газеті», 2015 ж, 5 шығарылым. 12-13 б
5. «Казахстанская Правда» газеті, 2015 ж, 2 шығарылым, 3-4 б.

УДК 34:336.76

О ПОНЯТИИ ИНВЕСТИЦИЙ В КОНТЕКТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Темиралиева Аделя

temirali.ada@mail.ru

Студентка 3 курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

Научный руководитель – Б.Т. Адышев

Важную роль в развитии мировой и национальных экономик играют инвестиции. Одним из основных факторов обеспечения эффективности инвестиций в экономике любого государства является создание развитой системы инвестиционного законодательства и действенного механизма реализации его норм.

На фоне мирового экономического кризиса, ожидаемое нами историческое событие ЭКСПО-2017, по мнению специалистов, должно способствовать притоку капитала в страну и инновационному прорыву. Именно иностранные инвесторы, а точнее их вложения создают почву для подготовки к международной выставке, а отечественный законодатель со своей стороны старается создать им условия для успешного ведения бизнеса на территории республики.

Привлечение иностранных инвестиций в экономику Казахстана является объективно необходимым процессом. Мировой опыт многих стран свидетельствует, что приток иностранного капитала и государственное регулирование его использования позитивно воздействуют на экономику. Инвестиции содействуют становлению и укреплению частного предпринимательства в странах со средним и низким уровнями экономического развития, мобилизуют капитал для реализации серьезных проектов, создания смешанных компаний, рынков ссудного капитала. От того, насколько успешно экономика Казахстана будет